

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ТЕОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 2 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

25.12.2024

Қатысқандар: АК төрағасы - PhD Н.О.Жаныкулов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD А.Н.Усаинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Д.Шауенов; академиялық персонал – А.С.Бейсенов; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Ф.Камалова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.Исаев; АК мүшесі, академиялық персонал – филос.ғ.к. Г.Шадинова; АК мүшесі, академиялық персонал – PhD М.М.Молдашева; АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; АК мүшесі, академиялық персонал – т.ғ.к., доцент Г.Примкулова; АК мүшесі, академиялық персонал – М.Т.Салгараев; жұмыс беруші өкілі – М.Халықов; жұмыс беруші өкілі – М.Тастанбеков; жұмыс беруші өкілі – К.Жетібаев; жұмыс беруші өкілі – Т.Мендібаева; жұмыс беруші өкілі – Р.Ашимов; білімгерлер өкілі – Б. Айбай; білімгерлер өкілі – Н. Әбдіқадір; білімгерлер өкілі – Э. Абдрахманова; білімгерлер өкілі – А. Ілескен; білімгерлер өкілі – М. Мәулен; білімгерлер өкілі – Ұ.Төлеутаева; білімгерлер өкілі – Г. Есенгелді; білімгерлер өкілі – А.Кусан; білімгерлер өкілі – А.Маукенбай;

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу:

- соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері:
- БББ-ң пәндердің силлабустарында көрсетілген оқыту нәтижелерін талдау:
- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері:
- жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері:
- сауалнамалар білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың нәтижелері:
- білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері:
- түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері:

2. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу):

3. Қараша, желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

1. Әр ББ өзіндік бағалау жүргізу:

АК төрағасы Н. Жаныкулов сөз алды: Құрметті АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібіндегі көзделген мәселелер бойынша қараша-желтоқсан айларында атқарылған жұмыстардың нәтижесін талқылап өтсек. Академиялық комитеттің желтоқсан айындағы жоспар бойынша бакалавр деңгейіндегі білім беру бағдарламаларға (6B02228-Дінтану, 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 6B02231-Тарих, 6B02267-Түркітану, 6B02286-Философия-дінтану) және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларға (7M02211-Дінтану, 7M02262-Теология, 7M02210-Тарих, 7M02212-Түркітану) аудит ұйымдастыру жоспарланған болатын. Сонымен қатар білім беру бағдарламасын әзірлеу және жаңарту ережелеріне сәйкес, қолданыстағы пәндер бойынша силлабустардағы

пәннен күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) мен білім беру бағдарламасының жалпы оқыту нәтижелері (ОН) қаншалықты үйлесетіндігі жөніндегі мәселелерді де назарда ұстауымыз қажет. Осы жұмыстардың жүйелі түрде орындалуы білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге оң мүмкіндік береді.

АК мүшесі, академиялық персонал, PhD Ф.Камалова: Қолданыстағы білім беру бағдарламасы 2022-2023 оқу жылында жаңартқанымыз үшін, осы білім беру бағдарламасы биылғы оқу жылы үшін де өте тиімді. Сондықтан осы жылы аталған ББ-ға өзгеріс енгізу қажет емес деп ойлаймын. Білім беру бағдарламасын әзірлеу кезінде ең алдымен жұмыс берушілердің ұсыныстарын тыңдауымыз қажет. Біздің білім алушылар теориялық білімдерін алғаннан кейін өндіріс орындарында практикадан өтеді. Осы практика барысында біздің студенттердің қандай құзыреттіліктерін дамыту қажет. Міне осы мәселелер қазіргі таңда өте өзекті болып отыр.

Күн тәртібіндегі келесі мәселеге көшсек, 2024-2025 оқу жылында 6B02228-Дінтану және 7M02211-Дінтану білім беру бағдарламалары бойынша оқытылатын пәндердің силлабустарының студенттердің оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне қаншалықты ықпал ететінін анықтау мақсатында келесі мәселелерді зерделеу қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, пән сипаттамасымен танысқан студенттер үшін таңдалған курстан күтілетін нәтижелерге сәйкес құзыреттіліктер мен дағдыларды меңгеруге жағдай жасайтын педагогикалық әдіс-тәсілдердің тиімді қолданылуы маңызды.

Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, PhD М. Исаев алып, әрбір оқытушының силлабустарының пәннің сипаттамасы мен оның оқыту нәтижелеріне сай жасалғанын атап өтті. 2024-2025 оқу жылында 6B02286-Философия-дінтану БББ бойынша пәндердің силлабустарында көрсетілген оқыту нәтижелерін талдау жұмыстары УЕ-ХҚТУ – 036 – 2023 Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны дайындау ережесіне сәйкес жүргізілді. Мысалы, 6B02286-Философия-дінтану ББ бойынша силлабустардың ішінен кездейсоқ алынған силлабустың бірін талдап көрелік. Қолымызға филос.ғ.к, доцент м.а. Г.А. Шадинованың «Этика және эстетика» пәнінің пәнінің силлабусы түсті.

Пәннің сипаттамасы: Пән этика және эстетика ұғымдарын түсіндіреді. Пән мазмұнында эстетикалық қызмет, негізгі эстетикалық санаттар мен нысандарын талдау және сана, өнер нысандары мен жанрлары, философия, қарым-қатынас, ғылым, олардың тарихи дамуы, бүкіл мораль, дін, өнер техникасы және стильдер қарастырылады. Этиканың дамыған тұжырымдамасы, мейірімділік, әділдік, достық, ынтымақтастық және әлеуметтік мекемелер мен қатынастар, тікелей моральдық даму процестері қамтылады» деп көрсетілген. Сондай-ақ осы пәнге БББ-да 7,8 оқыту нәтижелері көрсетіліп, 5 кредит берілген. Силлабуста «Б3. Діни-философиялық және моральдық құндылықтарды білу» осы құзырет бойынша ББ ОН, - *Дін және философия ғылымының діни-моральдық құндылықтары мен ерекшеліктерін анықтай отырып, діни-философиялық шығармаларды талдайды (ОН6); - Діни-құқықтық нормаларды қолданып, діни мәселелер төңірегінде сараптамалық бағалау жүргізеді (ОН7)*» көрсетілген.

Осы ОН6 және ОН7 оқыту нәтижелеріне сай ПОН-дар келтірілген.

ОН6: ПОН – 1 – этика мен эстетиканың мәнін, болмысын, функцияларын анықтай алады;

ПОН – 2 - этикалық және эстетикалық білімдердің ерекшеліктерін айқындай алады;

ПОН – 3 - өнердің түрлерін, стильдерін, жанрларын ажырата алады;

ПОН – 4 – этикалық және эстетикалық мәселелер бойынша эссе, ғылыми мақалалар, курстық жұмыстар жаза алады.

ОН7: ПОН – 5 - сауатты кәсіби талқылау жүргізе алу, өз ойларын логикалық түрде баяндай алады;

ПОН – 6 - өмірінің өзекті мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді қорғай алады;

ПОН – 7 - этикалық және эстетикалық мәселелерді талдауға арналған қажетті материалды іздеп, іріктей алады.

1. *Пән сипаттамасын оқыған білімгер таңдаған курсынан не күтетіндігін түсіне ме?* Пән сипаттамасында атап өткендей пән этика және эстетика ұғымдарын түсіндіреді. Пән мазмұнында эстетикалық қызмет, негізгі эстетикалық санаттар мен нысандарын талдау және сана, өнер нысандары мен жанрлары, философия, қарым-қатынас, ғылым, олардың тарихи дамуы, бүкіл мораль, дін, өнер техникасы және стильдер қарастырылады. Этиканың дамыған тұжырымдамасы, мейірімділік, әділдік, достық, ынтымақтастық және әлеуметтік мекемелер мен қатынастар, тікелей моральдық даму процестері қамтылады. Яғни, пән сипаттамасында білімгердің нені үйренетіндігі, қандай дағдыларды игеретіндігі айқын көрсетілген.

2. *Курс оқу бағдарламасына қалай сәйкес келеді? Иә*

3. *Пәннен күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) мен ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелері (ОН) бір-бірімен үйлеседі ме?* ББ оқыту нәтижелері мен ББ мақсаты бір-біріне сәйкес құрастырылған. Білім беру бағдарламасын талдай отырып, пәннен күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) мен ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерінің толық сәйкес келетіндігін айтуға болады. ББ ОН және ПОН бойынша білімгер дін және философия ғылымының діни-моральдық құндылықтары мен ерекшеліктерін анықтай отырып, діни-құқықтық нормаларды қолданып, діни мәселелер төңірегінде сараптамалық бағалау жүргізеді.

4. *Сонымен қатар пәннен күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) мен білім беру бағдарламасының жалпы оқыту нәтижелері (ОН) университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен қаншалықты байланысады?* Ахмет Ясауидің ілімі, дүниетанымы мен философиясы моральдық-этикалық құндылықтарға негізделген. Ғалымның рухани мұрасы қазіргі таңда қоғамның рухани-адамгершілік және мәдени дамуындағы жетістіктердің өзегі һәм дінаралық татулық пен толеранттылықтың темірқазығы ретінде қарастырылады. Сондықтан пәннен күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) мен білім беру бағдарламасының жалпы оқыту нәтижелері (ОН) университет миссиясымен және құндылықтарымен толықтай қабысады. Университет миссиясы «Қожа Ахмет Ясауидің іліміне сүйене отырып, академиялық принциптерге сай түркі әлемінде алдыңғы қатарлы, білікті және жаңашыл тұлғаларды тәрбиелейтін университет болу» деп көрсетілген.

5. *ПОН білім алушылардың қызығушылығын тудырады ма?* Білімгерлердің меңгерген пәндегі көрсетілген оқыту нәтижесіне қол жеткізу және сонымен қатар ПОН бойынша олардың қызығушылығын арттыру мәселесі басты назарда. Пәндердің оқыту нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқытушылар әрбір сабақта силлабусқа енгізілген әдіс-тәсілдерді тақырыптың мазмұны мен студенттердің қызығушылықтарына сәйкестендіре отырып жасаған.

6. *ПОН Дублин дескрипторларына сәйкес және Блум таксономиясы негізінде әзірленген бе? Иә*

7. *Силлабусты оқыту әдістері және бағалау критерийлері білім алушыға ПОН-не жету дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді ме? Иә*

Қорыта келе, силлабусты егжей-тегжейлі қарап, 6В02286-Философия-дінтану БББ бойынша курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) және университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен айқын байланысты екендігін, пән сипаттамасында игеретін дағдылары нақты айтылғандығын, ОН мен ПОН өзара үйлесімділігі бар екендігіне тоқталып, барлық тараптарға сай екендігін атап өтті.

АК мүшесі Г.Примкулова: Білім беру бағдарламаларын талдай отырып, қазіргі заманауи талаптарға толық сәйкес келетінін айта аламыз. 6В02231-Тарих ББ қалыптастыруда бағдарлама оқыту нәтижелері кафедра мәжілісінде жан-жақты талқыланды. ББ-ның ерекшелігі, кафедра потенциалы, білімгерлер контингенті, түлектердің жұмыс нарығында сұранысқа ие болу деңгейі, жұмысқа орналасуы, жұмыс берушілердің сұраныстары назарға алынып кәсіби құзыреттер мен оқыту нәтижелері анықталды. Сондықтан, әр курстың оқыту нәтижелері осы факторларды ескере отырып сәйкестендірілді. Әр пән бойынша оқыту нәтижелері силлабус мазмұнында көрсетілген

апта тақырыптарына сәйкестендіріліп, байланыста жасалған. Тақырыптар мен оқыту нәтижелері курсты оқытудың мақсаты мен міндеттеріне негізделген. Кәсіби құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелеріне жету үшін оқытудың заманауи әдістерін қолдануды көздейді: озық іс-тәжірибелер мен жаңа технологияларды пайдалану, жүйелі пәнаралық зерттеулерді қолдану т.б.

Назарға алынуға тиісті тағы бір маңызды жәйт, ПОН – БЛУМ таксономиясы негізінде жасалуы. Блум таксономиясы-жеке тұлғаға бағытталған, оның шығармашылығын дамытудың және білімді толық меңгерудің әдісі болып табылады. Сондықтан оқу материалын дайындауда пәннің оқыту нәтижелері БЛУМ таксономиясының негізгі категорияларына сәкестендірілуі маңызды. Сонымен қатар жоғарыда атап өткендей ПОН – Дублин дескрипторларына сәйкестігі де назардан тыс қалмауы тиіс. Дублиндік дескриптордың негізгі көрсеткіштері: оқыту нәтижелері, құзіреттіліктер, еске жүйесі бойынша дублин дескрипторлары. Пәндердің оқыту нәтижелерін қалыптастыруда Дублиндік дескриптордың негізгі нәтижелері басшылыққа алынады: білу және түсіну, білімді қолдану және түсіну, алған білімін қалыптастыру, коммуникативті қабілеттері, оқу дағдылары немесе оқу қабілеті.

АК мүшесі, академиялық персонал – Ы.Нурмагомбетова; Түрік филологиясы кафедрасында тіркелген 6B02267 - Түркітану ББ бойынша 22 пән бойынша силлабустар, 6B02333 - Шетел филологиясы (түрік тілі) ББ бойынша 30 пәннің силлабусы, 7M02212-Түркітану ББ бойынша 7 пән, 6B01719 Шетел тілдері (ағылшын-түрік) ББ бойынша 7 пән, 7M01708 Шетел тілі: екі шет тілі ББ бойынша 2 пән силлабустары тексерілді. Тексеріс барысында елеулі қателер орын алмағандығы көрінді. 2024-2025 оқу жылына арналған пәндер силлабустары түгел, сапалы дайындалған. Құрылымдық тұрғысынан силлабустарда ешқандай кесімшілік анықталмады: Сағат саны дұрыс бөлінген, бағалау критерийлері мен сипаттамалары тақырыптарының мақсатына негізделіп жасалған. Силлабустардың ішкі сапасына келер болсақ, комиссия тарапынан пәннің сипаттамалары, курстың оқу бағдарламасына сәйкестігі, Курстан күтілетін оқыту нәтижелері (ПОН) ББ-нан күтілетін оқыту нәтижелерімен (ОН) байланысы, Дублин дескрипторларына сәйкес және Блум таксономиясы негізделгендігі тесерілді. Пән сипаттамалары білімгерлер үшін түсінікті, курстан не күтетіндігін нақты және айқын түсіндірген. Курс барысында нені үйренетіндігі, қандай дағдыларды игеретіндігі және олар не үшін маңызды екендігі жақсы түсіндірілген.

АК мүшесі, PhD Д.Шауенов: 6B02229-Теология, 6B02266-Исламтану, 7M02262-Теология білім беру бағдарламаларын талдай отырып қазіргі заманауи талаптарға толықтай сәйкес келетінін айтуға болады. ББ ішкі аудит нәтижесінде ББ-ның мазмұны сараланып, өзгеріс қажет емес деген қорытындыға келдік. Десе де алдағы жылдарда ББ-дағы пәндер бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. БББ бойынша білім алушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру күн тәртібіндегі негізгі мәселенің бірі. БББ –ның басты мақсаты - заманауи талаптарға жауап беретін, бәсекеге қабілетті білікті кадр даярлау. Сондықтан мамандық бойынша білімгерлердің қызығушылығын арттыру мақсатында да жүйелі жұмыстар жасалуы тиіс. Білімгерлер кейде өзі түскен мамандықтың мәні мен маңызын, мақсаты мен функциясын жіті түсінбей жатады. Сондықтан сапалы контенттерін қатарын толықтыра отырып, білімгерлерді мамандыққа қызықтыру мақсатында алдағы жылдарда «Дінтану», «исламтану» және «теология» мамандықтарының қажеттілігіне сай «мамандыққа кіріспе» пәнін ББ-ға енгізуді дұрыс деп есептеймін. Мысалы, философия кафедрасы бұл тәжірибені енгізген. Атап айтқанда «6B022686- Философия-Дінтану» білім беру бағдарламасына «Философияға кіріспе» пәні енгізіліп, сол бойынша дәрістер жүргізіліп жатыр.

Сөз соңында Д. Шауенов; бүгінгі біздің мақсатымыз білім беру бағдарламасының мақсаты және оқыту нәтижелерін тұжырымдап, айқындау керектігін айтты. Кеңес мүшелері бұл тұжырымға оң баға беріп, мақұлдады.


АК төрағасы Н. Жаныкулов: Гуманитарлық ғылымдар даярлау бағытындағы әр

ББ бойынша ББ жетекшілерінің баяндаған өзіндік бағалау жұмыстарын тыңдадық. Күн тәртібі бойынша көптеген маңызды мәселелер талқыланды және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар әлі де көп. АК мүшелері, бірлесе отырып, жұмыстарды жұмыла атқарсақ оң нәтижелерге қол жеткіземіз деп сенемін.

ШЕШІМ:

1. ББ жетекшілерінің баяндаған өзіндік бағалау жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Қараша және желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Н. Жаныкулов

Хатшысы:



А. Усаинова